

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан Мемлекеттік Медицина Университеті



Жалпы гигиена және экология

Қоршаған орта мен тұрғындар
денсаулығы үшін Қазақстан аймақтарындағы
көп жылдық ядролық сынақтар салдары

Орындаған: 502 МПІ Галимжанова М.Т.

Тексерген: доцент, м.ғ.к Бердешева Г.А

Ақтөбе 2016ж

Жоспар

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлімі

1. Семей ядролық полигоны және оның салдары
2. Капустин Яр полигоны туралы мәлімет
3. Невада-Семей қозғалысы

III.Қорытынды

IV.Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

Ғаламдық экологиялық проблемаларға климаттың өзгеруі, озон қабатының бұзылуы, биоәртүрліліктің азаюы, шөлейттену және жердің азуы жатады.

Адамның шаруашылық әрекеті табиғаттың өзгеруіне әсер ететін ерекше фактор. Адам еңбек пен ақыл ойдың арқасында қоршаған ортаға бейімделумен қатар, оны өзгертеді. Сондықтан табиғатты өзгерту барысында адамзат оның кейінгі зардаптарын ескеруі қажет.

Республикамыздың аумағында ядролық қарудың сыналғаны барлығына мәлім. Полигондар аймағы ұзақ уақыт құпия сақталынды. Тек Семей полигоны ғана көпшіліктің назарында болды. Шын мәнінде қазақ даласының 19млн.га. жері 40 жыл бойы ядролық сынақтың полигоны болды. Ол жерлер Семей, Азғыр, Нарын, Тайсойған, т.б.. Осы жерлерде 1949-1989жылдар аралығында болған ядролық сынақтардың 27-сі атмосферада, 183-і жер бетінде, қалғаны жер астында жасалды. Атом қаруы сол сияқты Ұлыбританияда, Қытай, Франция , Үндістан және Пәкістанда сыналған.



Семей полигоны – КСРО ядролық сынақ полигондарының бірі, аса маңызды стратегиялық объектісі болды. Ол үшін арнайы 18млн.га. жер бөлініп, Семей ядролық полигоны ашылды. Бастапқысында адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Сосын оларды жер астына жасай бастады. Атом бомбаларының жарылыстары сұмдық ауыр болды. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті.

Семей ядролық полигонындағы сынақтардың жалпы саны 456 ядролық және термоядролық жарылысты құрады. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетіндегі немесе әуе кеңістігінде жасалды. Семей полигонында әуеде және жер бетінде сынақтан өткізілген ядролық зарядтардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп болды. Халыққа сынақ туралы ескертілмеген де еді. Ядролық жарылыстар туралы халыққа 1953жылдан бастап қана ескертіле бастады. Онда адамдар мен малды радиоактивті заттардың таралу аймағын аң уақытша көшіру, оларды қарапайым қорғаныш объектілеріне, орларға немесе кепелерге жасыру көзделді.

1949 жылғы алғашқы жер бетіндегі жарылыстан бастап Семей және Павлодар облыстарының радиациялық сәулеленудің ықпалына ұшыраған басқа аумақтардың тұрғындарының арасында сырқат санының ұдайы өсіп келе жатқаны байқалды. Бұлар өкпе мен сүт бездерінің рагы, лимфогемобластоз және басқа да қатерлі ісікті патологиялар. Жалпы алғанда рак ісігі сынақтар басталғалы 3 есе өскен. Семей полигонына жақын аудандарда әртүрлі ауытқулар, тәндік және естік кемшіліктері бар сәбилер дүниеге ерекше көп келеді. Мамандардың айтуынша, қысқа мерзімді және қалдықты радиацияның кесірінен болатын генетикалық мутациямен байланысты. Адамдар ғана емес, жер де азап шегеді. Жылма-жыл радионуклидтердің жинала беруі жердің құнарлығын азайтады.

Капустин Яр полигоны

Полигон 1949ж құрылған. Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының батыс аймақтары (Нарын құмы) мен Ресей Федерациясының Астрахань, Волгоград облысының шығыс бөліктерін қамтиды. Бұл полигонда, негізінен, ұшақтар мен ракеталардың ядролық жарылыс заттарын тасымалдау әдістері зерттелген. Капустин Яр ядролық полигонының орташа және ұшу-сынақ аймақтарын қоса есептегендегі жалпы аумағы 6,5 млн.га, оның ішінде Батыс Қазақстан облысындағы аумағы 1,5млн.га.

Капустин Яр ракеталық-ядролық сынақ полигоны аймағындағы радиациялық жағдайдың қалыптасуының гигиеналық заңдылықтарын зерттеу, осы территорияда тұратын, БҚО ауылдық жерлерінің тұрғындарында қосымша гамма сәулелендіргіштерімен ішкі сәулеленуге ұшырау деңгейі жоғары. Бәрәншә кезекте жергілікті су көздері суларын, тағам өнімдерді пайдалану кезінде, адам ағзасына келесідей тізбек арқылы түсуі мүмкін: топырақ-өсімдік-жануар-ет пен сүт-адам; топырақ-дәнді дақылдар-адам т.б.

Зиянды радиоактивтік заттар топырақты, суды, егістік жерлерді және мал жайылымдарын ластаған. Капустин Яр ядролық полигонындағы жергілікті тұрғындарды медициналық тексеруден өткізгенде психоз ауруына шалдыққандары (әсіресе балалардың) облыстағы орташа деңгеймен салыстырғанда 2,3 есе, ал республика бойынша – 2,1 есе жоғары болған. Әсіресе қатерлі ісік, өкпе аурулары, иммундық жүйелер мен қан құрамының бұзылуы басым кездескен.



1989ж ақпанында Семейдегі атом полигонын табу үшін күресті бастауға ұйғарған «Невада-Семей» қозғалысының алғашқы митингісі өткізілді. Оны басқарған- белгілі қоғам қайраткері , ақын Олжас Сүлейменұлы. Сол жылдың 6 тамызында Семей облысының Қарауыл ауылында ядролық қаруды сынауға мораторий жариялау жөніндегі ұсынысты КСРО және АҚШ Президенттеріне үндеу қабылданды. Онда былай делінге: «40 жыл ішінде бұл арада мындаған Хиросималар жарылды. Біз келешекті қауіппен күтудеміз. Уайымсыз отырып, су мен тамақ ішу, өмірге нәресте әкелу мүмкін емес болып барады. Өз құқықтарымыз үшін біз «Невада-Семей» қозғалысын құрдық. Сынақтар тоқтатылсын», деп мәлімдеді.

Ядролық сынақтардың қатері жөнінде барлық бұқаралық ақпараттары құралдарында, теледидар мен газеттерде әңгіме бол бастады. Түрлі елдердің парламенттері өз сессияларында қозғалыс ұрандарын талқылап жатты. Радиациялық сәулелердің зардаптары жайлы дәрігерлер мен ғаоымдардың ашық әңгіме қозғауға батылдары жетті. Бұқараның қысымымен Семей полигонындағы сынақтар саны азая бастаған еді. Халықтың бастамасымен тұңғыш рет КСРО Үкіметі ядролық қаруды сынауға тыйым салу – мораторий жасау туралы шешім шығарды.



Ең үлкен полигон жабылып, атом қаруынан бас тарту әрекеті жасала бастады. Семей полигоны жабылғаннан кейін Ресейдің , АҚШ пен Францияның полигондарында ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. 1991ж ақпанында Семей ядролық полигоны жабылып, 1992ж мамырында оның базасында Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталық құрылды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының егемендігі туралы Декларацияда ел аумағы ядрсыз аймақ деп жарияланды. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарған күні – 1991 жылдың 28 тамызы.

Қазақстан аумағында көптеген ядролық сынақтар жүргізілді. Олар жер асты және жер үсті өткізілді. Осы сынақтардың салдары әлі күнге дейін өз зардаптарын тигізуде. Соның әсерінен кемтар балалар дүниеге келуде және тұрғындардың орташа өмір сүру ұзақтығы кеміп кетті.

Әдебиеттер тізімі:

- * Радиациялық гигиена Оқу құралы Ү.И. Кенесариев, Ж.Ж.Бекмағамбетова, М.Е. Жоламанов, Алматы 2009ж. 129-130бет
- * Н.Ә. Назарбаев «Бейбітшілік кіндігі». – Астана «Елорда», 2001
- * «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» кодексі 2009ж 28қыркүйек, 148-1-бап.